

ХАЛЕЛ ДОСМУХАМЕДО (1883-1939)

— Алаш қозғалысының қайраткері
дәрігер, ұстаз, ғалым.



Руы — беріш. Мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын: саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы.

1883 жылы сәуірінің 24 бұрынғы Орал облысы, Гурьев уезі, Тайсойған болысы, (қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы) Тайсойған құмында №4 ауылында дүниеге келген.

Ағасы Дәулетүмбет Машақұлының ықпалымен әкесі Досмұхамед ауыл молдасынан хат таныған Халелді жергілікті орыс қазақ мектебіне береді. Мектепті жақсы бітірген Халел 1894 жылы Теке қаласындағы Орал әскери-реалдық училищесінің даярлық класына қабылданып, оны үздік бітіреді де, тағы бір жылға қосымша класта оқуға қалдырылады.

Сосын Сән-Питербор императорлық әскери-медицина академиясына латын тілінен қосымша емтихан тапсырып түскен.

Студенттік өмірі империяның саяси толқуларға толы кезеңімен тұстас келіп, оның саяси білімін жетілдіріп, қалыптасуына әсер етті. Ол осы жылдары ел ішінде үгіт-насихат жүргізіп, жергілікті «Фикр» (Пікір), «Уральский листок» газеттеріне мақалалар жазып, саяси толқулардың мән-жайын халыққа түсіндіріп отырды.

1905 жылы Орал қаласында бес облыстың делегаттары жиналған съезде кадеттер партиясының жергілікті бөлімшесі құрылған. Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының 9 адамнан тұратын Орталық комитетіне Б.Қаратаев, М.Бақыткереевтермен бірге сайланды.

1909 жылы академияны үздік дәрежелі дәрігер атағымен, Алтын медальмен бітіріп, офицер ретінде кесімді мерзімдегі әскери міндетін өтеуге жіберілді. Алдымен Пермь губерниясында, кейін 2-Түркістан, 2-Орал қазақ-орыс атқыштар батальонында әскери кіші дәрігерлік қызмет атқарды.

1912, 1913 және 1915 жылдары оба індетіне қарсы күрес ісіне қатысты. Бұл еңбектері үшін Императорлық қола медальмен марапатталды.

1913-18 жылдары «Қазақ» газетінде «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік — сүзек», «Жұқпалы ауру хақында» сынды кәсіби, әлеуметтік-саяси тақырыптарда мақалалар жариялап, өзіндік ой-пікірін білдіріп тұрды. «Как бороться с чумой среди киргизского народа» (1916) деген кітабы өз кезеңінде оба індетіне қарсы күрестің әдіс-тәсілдерін түгел қамтыған еңбек болды.

Ресейдегі Ақпан төңкерісінен кейін қазақ даласында облыстық, жалпы қазақ съездерін ұйымдастырып, өткізуге атсалысты. Сәуір айында 800-ден аса делегаттың қатысуымен өткен Орал облыстық қазақ съезінде Ж. Досмұхамедовпен бірге «Орал облысының далалық бөлігін басқарудың уақытша ережелері» атты жергілікті және облыстық деңгейдегі басқару жүйесін толық қамтыған заң жобасын ұсынып, оған делегаттар бірауыздан дауыс берді.

Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, I жалпықазақ съезінен Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды.

1917 жылы II жалпықазақ съезінде жарияланған Алашорда үкіметі — Ұлт кеңесі құрамына сайланды. Алаш қайраткерлерімен бірге бірінші кезекте халықты бүліншіліктен қорғайтын ұлттық әскер — халық милициясын жасақтауға, Алаш қорын құруға, елден алым-салық қаражат жинау ісіне күш салды. Уақытша үкіметтен билікті күшпен тартып алған большевиктердің үстемдігі нығайған тұста, Кеңес үкіметінің басшысы В.И.Ленинмен, Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізеді. Большевиктер Кеңес өкіметін толық мойындап, сөзсіз бағынуды талап етсе, олар Алашордаға ішінара билік беру (заң шығару, атқарушы билік, сот жүргізу, өз әскері болу), қазақтар шоғырланған жерлерді түгел қазақтарға қайтару, әр жерде кеңес органдары тұтқындаған алаш қайраткерлерін түрмеден босату, оларды құдалауды тоқтату, қаржылай көмек беру сияқты маңызды мәселелерді өткір қоя білді.

1918 ЖЫЛЫ ЖЫМПИТЫ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ОРАЛ ӨҢІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ 4-СЪЕЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҮКІЛ БАТЫС ӨҢІРІНЕ ЫҚПАЛ ЕТЕРЛІК ҰЛТТЫҚ-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ — «ОЙЫЛ УӘЛАЯТЫ УАҚЫТША ҮКІМЕТІН» ЖАРИЯЛАУҒА ҚАТЫСТЫ. СОЛ ЖЫЛЫ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ ОРТАСЫНДА КЕҢЕС ӨКІМЕТІНЕ ҚАРСЫ КҮШТЕРДІҢ УФА ДИРЕКТОРИЯСЫН ЖАРИЯЛАУ МӘЖІЛІСІНЕ ЖИНАЛҒАН АЛАШОРДА ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ БҰЛ ҚҰРЫЛЫМДЫ ҚОЛДАП, ОҒАН «АЛАШОРДАНЫҢ БАТЫС БӨЛІМШЕСІ» ДЕГЕН АТ БЕРДІ. ОСЫ КЕЗЕҢДЕ ХАЛЕЛ АЛАШОРДАНЫҢ АТТЫ ӘСКЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРЫП, САМАРАДАҒЫ КОМУЧ ҮКІМЕТІНЕН ҚАРУ-ЖАРАҚ АЛУҒА, ҰЛТТЫҚ БАНК АШУҒА, БАСПАХАНА, «ЕРКІН ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІН ШЫҒАРУҒА КӨП ЕҢБЕК СІҢІРДІ.

АЛАШОРДА ТАРАТЫЛҒАННАН KEЙІН БАСҚА ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ СЕКІЛДІ ХАЛЕЛ ДЕ ЖАҢА ӨКІМЕТТІҢ ЖҰМЫСЫНА ТАРТЫЛАДЫ.

1920 ЖЫЛЫ 21 ТАМЫЗДА ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ ЖАНЫНАН ТҮРКІСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ, МӘДЕНИ ҺӘМ ҒЫЛЫМИ МҰҚТАЖДАРЫН ӨТЕУ ҮШІН АРНАЙЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН БІЛІМ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛІГІНЕ, KEЙІН ТӨРАҒАЛЫҒЫНА САЙЛАНДЫ. ТАШКЕНТТЕГІ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ИНСТИТУТЫНДА ОҚЫТУШЫСЫ БОЛДЫ.

Орта Азия (Түркістан) университеті медицина факультетінің хирургиялық емханасында ординатор, Түркістан денсаулық сақтау халық комиссариаты алқасының мүшесі және емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі болды.

Орта Азия мемлекеттік баспа коллегиясының, кейін Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің меңгерушісі, Қазақ мемлекеттік баспа басқармасы меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқара жүріп, отандық ғылымның дамуына да мол үлес қосты. Халел Досмұхамедов бір өзі бірнеше қызметтер атқара жүріп, ұлттық мектептердің ғылыми терминология жасау ісіне ат салысады. Жер жерлерде қаулап ашыла бастаған жүйесін құруға, қазақ тіліндегі ғылыми терминология жасау ісіне ат салысады. Жер жерлерде қаулап ашыла бастаған ұлттық мектептерге ана тілінде оқулық жазу қажет болады. Осындай қажеттілік Халелді атқарып жүрген толып жатқан қоғамдық қызметерін ана тіліндегі оқулықтар жазумен және оны шығару жұмыстарымен ұштастыра жүргізуге мәжбүр етті.

Ол «Табиғаттану», «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі» (қазақша орысша жаратылыстану сөздігі), «Оқушылардың денсаулығын сақтау», «Дене бітімі және оның жұмысы туралы әңгімелер», «Сүйектілер туралы» т.б. оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазды.

Ол қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты материалдар жинақтап, тілдің дыбыс жүйесінің өзекті мәселесі — сингармонизм заңын зерттеді, «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы», «Шернияз шешен», «Алаш не сөз», «Бұқарадағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана», «Тіллә-Қары мен Ширдор медреселерін салғызған Жалаңтөс батыр шежіресі», «Диуани лұғат ат-түрік», «Кенесарының соңғы күндері», «Қазақ әдебиетінің тарихы» сияқты, т.б. ғылыми-теориялық еңбектер жазып қалдырды. «Мұрат ақын сөзі», «Исатай — Махамбет», «Аламан» жинақтарын шығарды

Сондай ақ оның қаламы жүйрік журналист болғанын қазақ тілінде шығып тұрған «Шолпан», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Сәуле» сияқты газет журнал беттерінде жарияланған мақалаларынан айқын көруге болады. Ол сонымен бірге қазақ қырғыз білім комиссиясы жанынан «Сана» журналын шығарып, өзі соның редакторы болған.

1924 жылы Ресей Ғылым Академиясының Орталық өлкетану бюросының корреспондент-мүшесі болып сайланады, осы жылы Түркістан халық ағарту комиссариаты атынан Орынборда өткен қазақ білімпаздарының, Мәскеудегі Бүкілресейлік денсаулық сақтау қызметкерлерінің съездеріне қатысты.

Өзі проректор болып істейтін, халқымыздың алғашқы жоғары оқу орны Қазақ педагогика институтының негізінде Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы, оның бірінші проректоры болып тағайындалады. Қазақ педагогика институтының доценті, Қазақ мемлекеттік университетінің әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысы, осы оқу орнының профессоры болды.

Алайда, келесі жылы Кеңес өкіметі ұйымдастырған қуғын-сүргін саясаты кезінде тұтқындалып, ОГПУ үштігінің шешімімен Воронеж қаласына 5 жылға жер аударылды. Онда жүріп Денсаулық сақтау және гигиена институтында бөлім меңгерушісі, балаларды емдеу-сақтандыру амбулаториясы меңгерушісінің орынбасары секілді қызмет істеді. Соңғы бір жыл кесімді мерзімі бітсе де елге оралмады.

1938 жылы 26 шілдеде жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып әуелі Мәскеу, кейін Алматы түрмесінде отырды. 1939 жылы 24 сәуірде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесілді.

Оның ісі тек 1958 жылы 28 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер коллегиясында қайта қаралып ақталды

Қазір туған жері Атырау облысы Миялы кентінде оған ескерткіш қойылған. Атырау университетіне, Алматы және Атырау қалаларындағы бір-бір көшеге есімі берілген.

Пайдаланылған әдебиет

↑ Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. — 384 бет. ISBN 9965-409-98-6

↑ Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 ISBN 9965-607-02-8

↑ Саяси түсіндірме сөздік. — Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3

↑ «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008. ISBN 9965-32-715-7

↑ “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9

↑ “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6

ОРЫНДАҒАН:
ДУГАНОВ РОЛАН